

**"Майкөбен қеніші" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатудың шарттары мен әдісін айқындау жөнінде ұсыныстар өзірлеу үшін комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 11 қаңтар N 41

**"Мемлекеттік мұлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы"**  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683

P 9 9 0 6 8 3 \_

қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Майкөбен қеніші" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатудың шарттары мен әдісін айқындау жөнінде ұсыныстар өзірлеу үшін мына құрамда комиссия құрылсын:

Ахметов Даниал - Қазақстан Республикасы  
Кенжетайұлы Премьер-Министрінің  
орынбасары, төраға

Әбітаев Есберген - Қазақстан Республикасының  
Әбітайұлы Энергетика, индустрия және  
сауда бірінші вице-министрі

Әбілғазин Данияр - Қазақстан Республикасының  
Рұстемұлы Қаржы вице-министрі -  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Мемлекеттік  
мұлік және жекешелендіру  
комитетінің төрағасы

Аханов Серік - Қазақстан Республикасының  
Ахметжанұлы Экономика вице-министрі

Құзыбаева Ажар - Қазақстан Республикасының  
Қылымбекқызы Әділет вице-министрі

Ұжкенов Болат - Қазақстан Республикасының  
Сұлтанұлы Табиғи ресурстар және қоршаған  
ортаны қорғау вице-министрі

2. Комиссия бір ай мерзімде "Майкөбең кеніші" ашық акционерлік қоғамы  
акцияларының мемлекеттік пакетін сатудың шарттары мен әдісін айқындау  
жөнінде ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары Д.К.Ахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.